

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК

Торайғыров университета

экономическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 4 (2023)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Экономическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ93VPY00029686

выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области экономики, управления,
финансов, бухгалтерского учета и аудита

Подписной индекс – 76133

<https://doi.org/10.48081/ZRPO6395>

Бас редакторы – главный редактор

Нурғалиева А. А.

к.э.н., ассоц. профессор

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*

Шеримова Н. М., *магистр*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунызов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Омарова А. Р.	<i>(технический редактор).</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

<https://doi.org/10.48081/NZTZ6195>

***Б.С. Корабаев¹, Г. Д. Аманова², К. Ж. Садуакасова³,
А. Ж. Зейнуллина⁴**

^{1,2,3}Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹<https://ORCID: 0000-0003-0420-9517>

²[ORCID 0000-0002-0829-5953](https://ORCID: 0000-0002-0829-5953)

³<https://orcid.org/0000-0002-9647-5646>

⁴[orcid: 0000-0002-4787-4966](https://orcid.org/0000-0002-4787-4966)

⁴Шәкәрім атындағы университет, Қазақстан Республикасы, Семей қ.

e-mail: bei2010@mail.ru

КӨМІР ӨНДІРУ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЭМИССИЯЛАРДЫ ТӨЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі таңда экологиялық міндеттемелерді есепке алу қоршаған ортаға эмиссиялық төлем мәселесі, өкінішке орай, әлдеқайда күрделі. Осы орайда сауалнамаға алынған көмір өндіру кәсіпорындардың көпшілігі экологиялық міндеттемелердің және де қоршаған ортаға эмиссиялық төлмнің бар екенін растады, бірақ бұл міндеттемелерді қаржылық шоттарда қалай есепке алу керектігін нақты көрсете алмады. Бұл мәселедегі ең қиын нәрсе - міндеттемелердің мөлшерін «ақылға қонымды бағалау». Жаздайды түзету бойынша заңды міндеттеме болған кезде болашақ міндеттемелер әдетте міндеттемелер ретінде қарастырылады. Заң шығару процесіне, технологиялық прогресске және талап етілетін қоршаған ортаны қалпына келтіру шараларының көлеміне немесе сипатына тән белгісіздіктерге байланысты ұзақ мерзімді есептелген міндеттемелерді анықтау қиынға соғады. Экологиялық есепте міндеттемелер мен қоршаған ортаға эмиссияларды төлеуді енгізудің қиындығы осы мәселе бойынша әдістемелік әзірлемелердің жоқтығында және табиғи ортаның құрамдас бөліктерінің өзгерістерінің күйі мен динамикасын ескеретін

бірқатар көрсеткіштерді анықтаудың қиындығында болып отыр. Қоршаған ортаны тұтынудың нормативтік көрсеткіштерін әзірлеу, қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеуге арналған экологиялық шығындардың мөлшерін және басқа да экологиялық нормативтерді айқындау қажеттілігін бағалайтыны қарастырылды.

Кілтті сөздер: қоршаған орта, эмиссиялық төлем, экологиялық есептілік, экологиялық міндеттеме, қаржылық есептілік, басқарушылық шешімдер, экологиялық кодекс, қоршаған ортаға эмиссиялар.

Кіріспе

Кейінгі онжылдықтарда дүниежүзілік қоғамдастық мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және де экологиялық институттарын дамытудың бағдарларын қайта қарауды көздейтін Қоғамның тұрақты даму жағдайының тұжырымдамасын әзірледі. Сонымен қатар халықаралық деңгейде жүзеге асыруда. Қазіргі жағдайда экологиялық проблемалар халықаралық деңгейде де, ұлттық экономикалар деңгейінде де біршама мойындағанын дәлелдейді. Оның ішінде экологиялық міндеттемелерді орындаудың проблемалары да өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Көмір өндіру кәсіпорындарында экологиялық есептіліктегі міндеттемелеріне жеткіліксіз көңіл бөлу қаржылық жағдайды бағалау тәуекелдерін айтарлықтай арттырады және де басқару шешімдерін объективтілігі мен экологиялық тиімділігіне әсер етеді.

Экологиялық міндеттемелер туралы ақпаратты ашу тәжірибесі кәсіпорынның қаржылық есеп берушіліктегі экологиялық міндеттемелердің жалпы сомасын ажыра отырып есепке алу қиын болатынын көрсетеді. Ақпаратты ашуға кедергі болатын жағдайлар ретінде бухгалтерлік есептің ХҚЕС-да тануға негіз болатын теориялық және әдістемелік өзірмелер қатары жоқ деп айтуға болады. Теориялық негіздердің бір бөлігі ретіне отандық ғалымдардың «міндеттеме» түсінігін анықтауға деген көзқарастарының екіұштылығын және даулылығын атап өту қажет деп ойлаймын. Неге десеңіз пікір талас туғызу үшін біз бұл ұғымды анықтаудың әртүрлі ойларын мен әдістерін және де тәсілдерін бөліп көрсетуге тура келеді.

Атап айтқанда Рене Саватьенің міндеттемелер теориясында – міндеттеме бір немесе бірнеше тұлғаларды және басқа тұлғаларға мүлкті немесе қызметті міндеттейтін ауыртпалық ретінде қарастырылады. Міндеттемелердің мазмұнына келсек - экономикалық мәмілерлерге қатысушыларды байланыстыратын құқықтық қатынастардың құрамдас бөліктері ретінде талап пен міндеттемені құрайды: несие берушісі тұрғысынан

талап (құқықтық қатынастың белсенді жағы) немесе міндеттеме боорышкер (құқықтық қатынастың пассивті жағы) [1].

Осы сәтте экономикалық энциклопедия бойынша Е.Е. Румянцеваның міндеттемелерге түсінік беруі «кредиторлардың ұйымның активтеріне қойған талаптары немесе басқаша айтқанда, мекеменің өтелмеген қарызы» [2, 3]. Осы анықтаманы түсіндіру экономикалық-құқықтық сипаттағы белгілерді қамтиды. Өйткені активтерге қойылатын талаптарды міндеттеменің құқықтық табиғатын сипаттайтын экономикалық ресурстарға құқықтар мен экономикалық пайданы, қамтитын экономикалық құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға болады.

Осы орайда атап кететінім бухгалтерлік есеп ережелерінде «жауапкершілік» анықтамасының болмауы да ұғымын түсініксіз жағдайға әкеледі. Оның салдары «Міндеттемелер» түсінігін анықтауға жетекші ғалымдардың көзқарастарын зерттеу нәтижесінде міндеттемелердің құқықтық және экономикалық мазмұнын анықтауға болатын сияқты деген көз қарас туындайды [4].

Зерттей келе біздің ойымызша К. К. Кеулимжаев пен Р. М. Рахимбекова жүргізген зерттеулердің нәтижелері ерекше назар аударуға туындап отыр [3,4,5]. Міндеттемелердің туындау сипатын зерттеу отырып, В.К. Родостовец «міндеттемелердің туындау негіздерін жіктеуге кез келген сын олардың бухгалтерлік түсіндірмелерін алмастыра алмайды. Және де бухгалтерлік түсініктеме бойынша міндеттеменің қайнар көзі шаруашылық өмірінің фактісі болып табылады. Содықтанда ол туралы мәліметтер бухгалтерлік есеп жүргізуді жүзеге асыратын ұйымның міндеттемелерін көрсететін бухгалтерлік жазбаларға негіз болады» [7,8,9].

К. К. Кеулимжаев пен Р. М. Рахимбекованың зерттеулерін жалғастыра отырып, «нормативтік тәжірибе тұрғысынан ұйымның бухгалтерлік есеп субъектісі реінде шаруашылық қызметтің фактісін қолданыстағы бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп берушілік заңнамасында есепке алуда бухгалтерлік есеп шоттарында белгілейтін фактілер деп түсіну керек» [10].

Материалдар мен әдіс-тәсілдер

Зерттеу барысында әдебиеттер арқылы ақпараттарды жинақтау әдістері қолданылды, салыстырмалы, ой-пікірлер және функционалдық талдау әдістері қолданылды; критерийлерді, экологиялық көрсеткіштерді өзірлеу кезінде есептілік пен экологиялық эмиссияны есепке алу әдісі, шоттар байланысының есепке алу әдістер және т.б.

Нәтижелер мен пікірталас

Жоғарыдағы көз қарастарды қарастыра отырып, қазіргі ғалымдар міндеттемелердің әр түрлі жітемелерін ұсынады:

пайда болу көздері бойынша;
шарттылық дәрежесі бойынша;
өтеу мерзімі бойынша;
баланста көрсетілетін міндеттері бойынша.

Дегенмен де көптеген жағдайда міндеттемелердің сипатф бухгалтерлік есеп жоспарында анықталған жіктемелермен анықталып отыр.

Сондай-ақ анықтамаларда міндемелердің орындалу сәті туындаған кезде экономикалық пайданы төмендетуін көрсететін экономикалық ресурстардың кетуінен тұратын міндеттеменің экономикалық сипаттамалары жоқ десек те, ХҚЕС бойынша қаржылық қорытынды есепті жасаудың тұжырымдамалық негіздемесінде ұсынылған көмір өндіру кісіпорындарында қолданыстағы міндеттемесі арқылы экологиялық міндеттемелердің анықтамасын түсіндіруді ұсынамыз. Өйткені көмір өндіруші кәсіпорындар ХҚЕС-рын заңды түрде кеңес беру шарттарында қолдану керек.

Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлем немесе алым – ластаушы заттардың шығарындылар мен төгінділері (қоршаған ортаға эмиссиялар), күкіртті ашық күйінде күкірт алаңдарында орналастыру және қалдықтарды орналастыру үшін алынады. Қазақстан Республикасының экологиялық зағнамасына сәйкес қоршаған ортаға экологиялық рұқсат жәнне қоршаған ортаға әсері туралы декларацияда толықтырылып көрсетілген [11].

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мекемелерінің аумақтық органдары және облыстардың, республикалық мағызы бар қалалардың: Алматы, Астана, Шымкент және астананың жергілікті атқарушы органдарының әр тоқсан сөін есепті тоқсаннан кейінгі 15-інен кешіктірмей салық төлеушілер мен салық салынатын салық төлеушілер туралы мәліметтерді ұсынады.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 574-бабына сәйкес алым төлеушілер болып айқындалған Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес I, II және III санаттағы объектілердің операторлары табылады [6, 13, 14, 15].

Занды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін осындай құрылымдық бөлімшенің қоршаған ортаға эмиссиялар көлемі бойынша төлемді дербес төлеуші ретінде тануға құқылы. Занды тұлғаның шешімі немесе мұндай шешімнің күшін жою туралы шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қоршаған ортаға теріс әсер ету түрлеріне мыналар жатады:
– ауаға ластаушы және басқа заттардың шығарындылары;

– жер үсті су объектілеріне, жер асты су объектілеріне және дренаждық аумақтарға ластаушы заттардың, басқа заттар мен микроорганизмдердің төгілуі;

– жер қойнауының, топырақтың ластануы;
– өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату;
– қоршаған ортаның шу, жылу, электромагниттік, иондаушы және физикалық әсерлердің басқа түрлерімен ластануы.

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақыны есептеу 870.00 нысандағы декларацияны және 2-ТП «Ауа» нысаны бойынша статистикалық есептілікті толтыру үшін негіз болып табылады. Бұл белгілі болғандай қоршаған ортаға эмиссияларға қатысты есептілік түрлері болып табылады. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерді төлеушілерді айқындау тәртібі, төлем мөлшерлемелері, төлеу мерзімдері және эмиссиялар туралы ақпаратты ұсыну Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 69-тарауымен реттеледі. Салық төлеушілер төлем сомасын Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 576-бабында белгіленген эмиссиялардың нақты көлемі мен төлем мөлшерлемелерін негізге ала отырып дербес жүргізеді. Төлем сомасы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2009 жылғы 8 сәуірдегі № 68-ө бұйрығымен (толықтырулар мен өзгерістер) бекітілген Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемді есептеу әдістемесі бойынша есептеледі, шығарындылар үшін онда төлем сомасын есептеу формулалары көзделген.

2022 жылғы 15 қазаннан бастап СЕН (салық есептілігінің нысаны) 870.00 өзгертулер күшіне енеді және 2022 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады [13, 14, 15].

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі №1002 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. «Салық есептілігінің нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 39 қарастырылып бұйрығымен өзгертілген: Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдер бойынша салық есептілігін жасау қағидаларында (870.00-нысан) ол Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемдер туралы декларация (870.00-нысан) болып өзгертілді.

Декларация 870.00 нысаны бойынша декларацияның өзінен және салық міндеттемесін есептеу туралы толық ақпаратты беруге арналған 870.01 қосымшасынан тұрады.

Төлеуші заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі де бола алады, егер компания осындай шешім қабылдаса. Қызметі қоршаған ортаға зиян келтіретін ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер:

- шығарындылардың белгілі бір көлеміне экологиялық рұқсат алу (шығарындылардың стационарлық қайнар көздері үшін);
- шығарындылар туралы есептерді ұсыну;
- бюджетке эмиссиялық комиссия төлеу.

Бұл міндеттеме келесі құжаттармен реттеледі:

- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (8-тарау);
- Қазақстан Республикасының Салық кодексі (71-тарау);
- «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін алымдарды есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 08.04.2009 ж. № 68-тармағы бұйрығы.

Төлемдерді төлеушілер - қоршаған ортаға теріс әсер ету төлемі ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділері (қоршаған ортаға эмиссиялар), күкіртті ашық күйде күкірт алаңдарына орналастыру және қалдықтарды орналастыру үшін тиісті экологиялық рұқсат пен қоршаған ортаға әсер ету актісі негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес.

Бапқа сәйкес алымдарды төлеушілер. 574 Қазақстан Республикасының Салық кодексі Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес айқындалатын I, II және III санаттардағы объектілердің операторлары болып табылады.

Мыналар түріндегі қоршаған ортаға эмиссиялардың нақты көлемі салық салу объектісі болып табылады:

- ластаушы заттардың шығарындылары;
- ластаушы заттардың төгінділері;
- көмілген қалдықтар;
- көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру кезінде түзілетін күкірт алаңдарына ашық күйде орналастырылған күкірт

Алымдар

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 575-бабына сәйкес алымдар нақты көлем үшін қандай сома алынады және соманы қалай есептеу қарастырылады: шығарындылар; разрядтар; тұтыну және өндіріс қалдықтары; күкірт.

Шығарындылардың, разрядтардың және т.б. әр түрі үшін. ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша АЕК негізінде бір тоннаға жеке төлем мөлшерлемесін белгілейді.

Базалық мөлшерлемелердің мөлшері Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 576-бабында белгіленеді, алайда жергілікті атқарушы органдар өз аймағының шегінде жоғарылатылған мөлшерлемелерді, бірақ базалық мөлшерлемелерден екі еседен аспайтын мөлшерде белгілеуге құқылы.

2020 жылы қолданыстағы аймақтық тарифтерді мына жерден табуға болады. Кейбір заңды тұлғалар төлем ставкаларына 0,05-0,43 төмендету коэффициенттерін қолдануға құқылы (ҚР Салық кодексінің 577-бабының 2-тармағы): табиғи монополиялар субъектілері; энергия өндіруші ұйымдар; қатты қалдықтарды көмуге арналған полигондар.

Төлем сомасы шығарылған шығарындылардың (разрядтардың) нақты көлемін нормаға және жыл басындағы қолданыста болған АЕК-ке көбейту арқылы есептеледі. Есептеу тәртібі 2009 жылғы 8 сәуірдегі № 68-тармағы бұйрығында толық көрсетілген.

Барлығын ескере отырып есептілік түрін және қай уақытта тапсыру керектігіне тоқталатын болсақ, алым төлеушілер 870.00 нысаны бойынша декларацияны ұсынуы қажет. Декларацияға 870.01 нысанына сәйкес қосымша қоса беріледі, ол ластаудың әрбір түрі бойынша жеке ресімделеді. Есептілікке келетін болсақ шаруа немесе фермер қожалықтары үшін СНР қолданатын салық төлеушілерді қоспағанда, Салық кодексінің 574-бабында айқындалған қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы төлеушілер «Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлем туралы декларацияны (870.00-нысан) жасайды».

Заңнамаға сәйкес алым төлеушілер декларация тапсырады:

- ластаудың стационарлық көздері үшін – ластау объектісі орналасқан жерде;

– мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымалы көздер үшін – осындай тіркеу кезінде уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған мобильді көздерді тіркеу орны бойынша;

– мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы ластау көздері бойынша - салық төлеушінің орналасқан жері бойынша.

Осылайша, есептелген жылдық төлемі 100 АЕК-тен аспайтын төлеушілер эмиссия стандартын сатып ала алады. Жылдық жарнаны біржолғы төлегеннен кейін (есепті жылдың 20 наурызына дейін) сізге жыл ішінде төлем жасаудың қажеті болмайды. Стандартты сатып алуда экологиялық рұқсатты беретін уәкілетті орган жүзеге асырады. Мерзім өткізілген жағдайда қайта сатып алу кешіктірілуі мүмкін - экологиялық рұқсатты алған айдан кейінгі айдың 20-на дейін (Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 577-бабының 3-тармағы). Мұндай төлеушілер сондай-ақ ағымдағы жылдың 20 наурызына дейін немесе стандарт өтелген айдан кейінгі

айдың 20-на дейін біржолғы 870.00 нысанын береді (ҚР Салық кодексінің 579-бабының 3-тармағы).

Жылдық жалпы көлемдегі төлем көлемі 100 АЕК-ке дейінгі төлеушілерді қоспағанда, алымдарды төлеушілер баптың 2-тармағына сәйкес тоқсан сайын 870,00 нысанында ұсынады. Салық кодексінің 579 тармағына байланысты есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей төленуі қажет:

Бірінші тоқсан мамыр айының 15-інен кешіктірмей	Екінші тоқсан тамыз айының 15-інен кешіктірмей	Үшінші тоқсан қараша айының 15-інен кешіктірмей	Төртінші тоқсан болашақ жылдың ақпан айының 15-інен кешіктірмей
---	--	---	---

Рұқсат көрсетілген мерзімнен кейін берілсе, төлеушілер декларацияны рұқсат алған айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей береді. Салық салу объектілері болмаған жағдайда, осы баптың салық кодексінің 208 бабының 9-шы тармағына сәйкес қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем туралы декларация табыс етілмейді.

Есептер шығарындыларды өндіретін объектінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық мемлекеттік кірістер басқармасына тапсырылуы тиіс. Егер объект жылжымалы болса (мысалы, автокөлік), онда декларация объектінің мемлекеттік тіркелген жері бойынша немесе салық төлеушінің тіркелген жері бойынша табыс етіледі.

870.00 нысанын беру мерзімін бұзу мыналармен жазаланады:

- ескерту;
 - айыппұл (ҚР ҚМ МТД-нің 272-бабының 2-тармағы).
- Айыппұл мөлшері:
- жеке тұлғалар үшін -15 АЕК;
 - шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін -30 АЕК;
 - орта бизнес үшін -45 АЕК
 - ірі бизнес өкілдері үшін -70 АЕК.

Төлемді сіз банк бөлімшелерінің кассаларында, Қазпошта бөлімшелерінде немесе Банк-Клиент арқылы төлей аласыз.

ҚБК 105316 – «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем».

2022 жылдан бастап қоршаған ортаға эмиссияларды төлеу бойынша міндеттемелер өзгерді. 2021 жылы Қазақстанда 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI жаңа Экологиялық кодексі қабылданды, соған байланысты заңнамалық актілер басқа нормативтік құжаттарға экологиялық мәселелер бойынша түзетулермен әзірленіп, бекітілді.

Қорытынды

Осылайша, оны Экологиялық кодекстің нормаларына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 402-VI Заңымен Қазақстан Республикасының Салық кодексіне және Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. «Салық кодексін қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Бұл түзетулер 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. Енді Экологиялық және Салық кодекстерінде «қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем» терминінің орнына «қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлем» термині қарастырылған.

ҚР «Бухгалтерлік есеп және есеп берушілік» заңына сәйкес типтік шоттар жүйесінде 3232 – Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем шоты жүргізіліп, қысқа мерзімді міндеттемелердің 3200 - Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер бөлімшесінде және де ХҚЕС-37 «Бағаланушы міндеттемелер, шартты міндеттемелер және шартты активтер» стандартында қарастырылады.

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін ақы төлеу жөніндегі есеп міндеттемелерінің ведомості көмір өндіру кәсіпорнының экологиялық міндеттемелерін есепке алу әдістемесі қарастырылатын тау-кен өнеркәсібінің ерекшеліктерін ескеру қажет екендігі анықталды.

Авторлық әдістеменің айрықша белгілері экологиялық міндеттемелерді анықтау, бухгалтерлік есепте көрсету және қаржылық есеп берудегі ақпаратты ашу мақсатында экологиялық міндеттемелерді тану шарттарын сақтауды қамтамасыз ететін бухгалтерлік есеп процедуралары болып табылады. Авторлық әдістемені пайдалану қаржылық есептілікте ашу үшін сөзсіз және болжамды экологиялық міндеттемелер туралы, сондай-ақ есептілікке ескертулердегі шартты экологиялық міндеттемелер туралы ақпаратты қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Осылайша, қаржылық есептілік танылған және орындалған экологиялық міндеттемелерді көрсетеді, бұл мүдделі пайдаланушылардың шешім қабылдауына негіз жасайды.

Рекомендуется группировать экологические обязательства по различным параметрам для получения учетно-аналитической информации для принятия различных управленческих решений экологического характера, что позволит измерять плату за эмиссии в окружающую среду а также экологические затраты по временным признакам, их отдачу, определять эффективность профилактических или предпроизводственных мероприятий. Для учета экологических обязательств и плату за эмиссии в окружающую среду рекомендуется открыт комплексный активный счет 8510«Расходы на охрану окружающей среды» и 8520«Плата за эмиссию в окружающую среду». Исчисление и уплату экологического налога в пределах установленных

лимитов рекомендуется отразить по Дт8510.1 и Кт3190; при превышении лимита/ при нарушении порядка и сроков уплаты экологического налога на экономические санкции - Дт8510.2 и Кт3190. А также при перечислении в бюджет Дт3190 – Кт1030.

Исчисление и уплату плату за эмиссию за окружающую среду рекомендуется отразить по Дт8520 и Кт3232; при превышении лимита/ при нарушении порядка и сроков уплаты экологического налога на экономические санкции - Дт8520 и Кт3232. А также при перечислении в бюджет Дт3232 – Кт1030.

Экологиялық сипаттағы әртүрлі басқару шешімдерін қабылдау үшін бухгалтерлік және аналитикалық ақпаратты алу үшін экологиялық міндеттемелерді әртүрлі параметрлер бойынша топтастыру ұсынылады, бұл қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемді, сондай-ақ экологиялық шығындарды уақыт бойынша өлшеуге мүмкіндік береді. Олардың әсері және алдын алу немесе көмір өндіру кәсіпорындарына дейінгі шаралардың тиімділігін анықтау. Экологиялық міндеттемелер мен қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерді есепке алу үшін 8510 «Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығыстар» және 8520 «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдер» кешенді активті шотын ашу ұсынылады. Экологиялық салықты есептеу мен төлеуді Дт 8510.1 және Кт 3190 бойынша белгіленген лимиттер шегінде көрсету ұсынылады; шектен асқан жағдайда/экономикалық санкциялар бойынша экологиялық салықты төлеу тәртібі мен мерзімі бұзылған жағдайда - Дт 8510.2 және Кт 3190. Сондай-ақ бюджетке аудару кезінде Дт 3190 - Кт 1030.

Дт 8520 және Кт 3232 бойынша қоршаған ортаға эмиссиялық төлемдерді есептеу мен төлеуді көрсету ұсынылады; шектен асқан жағдайда/экономикалық санкциялар бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемдер мен мерзімі кешіктірілген жағдайда - Дт 8520 және Кт 3232. Сондай-ақ бюджетке аудару кезінде Дт 3232 - Кт 1030 жүргізіліп ұсынылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Ердаuletova, Ф. К., Жумабаева, М. Д., Нуркашева, Н. С. Состояние и проблемы развития экологического учета: опыт Казахстана. Экономика: стратегия и практика. 2020;15(2):139–150.

2 Голубева, Н. А. Совершенствование системы учета затрат на охрану окружающей среды// с.154–161Международные стандарты учета и аудита: практика применения в условиях цифровой экономики: сборник статейМеждународной научно-практической конференции. Москва,

25.05.2021 г. / под ред. М. В. Петровской, Г. Д. Амановой. – М. : РУДН, 2021. – 567 с.

3 **Тажигаева, А. С.** Региональный экономический механизм природоохранной деятельности от загрязнения промышленных предприятий // материалы международной научно-практической конференции» научно-просветительский потенциал нации и конкурентоспособность страны», ТарГУ им.М. Х. Дулати,-Тараз, 2018. – С. 244-247.

4 **Gaukhar Zh. Zhumabekova, Salima K. Barysheva, Aigul I. Yesturliyeva, Bibigul Zh. Akimova** – Comparative Analysis of the Development Areas of Environmental Audit in International Practice and in the Republic of Kazakhstan, Журнал экологического учета и менеджмента 2023-06 | Журнальная статья – DOI: 10.5890/jeam.2023.06.003 - Часть ISSN: 2325-6192 - Часть ISSN: 2325-6206 - <http://dx.doi.org/10.5890/jeam.2023.06.003>

5 **Ракаева, А. Н.** Экологический учет на предприятиях: проблемы и пути решения//Вестник КазАТК №1(104), 2018, с.331-341

6 Экологический кодекс Республики Казахстан, Кодекс Республики Казахстан от 2 января 2021 года №400-VI ЗРК с изменениями и дополнениями

7 **Б. Корабаев, Г. Аманова, Б.Акимова, К.Садуакасова, А.Нургалиева,** Модель экологического учета и аудита как фактор повышения эффективности управленческих решений на промышленных предприятиях РК – 2023 The Authors. Regional Science Policy & Practice © 2023 Regional Science Association International, Reg Sci Policy Pract. 2023;1–11, wileyonlinelibrary.com/journal/rsp3, Practice, 1–11. [Electronic resource]. – <https://doi.org/10.1111/rsp3.12727>-DOI: 10.1111/rsp3.12727-Received: 16 May 2023 Revised: 17 July 2023 Accepted: 14 August 2023

8 **Абдрахманова, А. У., Бельгибаева, А. С., Сариов, У. К.** Состояние и особенности экологического учета в Казахстане// Вестник Московского университета имени СьюЮю Витте. Серия 1. Экономика и управление. 2019. № 3 (30). С. 67 – 74

9 **Корабаев, Б. С., Аманова, Г. Д., Петровская, М. В.** Қазіргі таңдағы өнеркәсіптік өндіріс экономикасының экологиялық тұрақты дамуы мен зерттеу бағыттары. Вестник Торайгыров университета, ISSN 2710-3552 Экономическая серия. № 3. 2021

10 **Сеилова, М. М.** Учет и аудит природоохранной деятельности (на примере предприятий химической и нефтеперерабатывающей отраслей): дис. канд. экон. наук – Алматы : 2003. – 178 с.

11 **Корабаев, Б. С., Абдрахманова, Н. Б.** Экологическая отчетность: значение и методика в финансовой отчетности, вестник Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева / Вестник

Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева. Выпуск № 1 (46). - Петропавловск: СГМУ им. М. Козыбаева, 2020. – 213 с.

12 **Туякова, З. С., Черткова, А. А.** Классификация экологических потерь в современном мире //Вестник Оренбургского государственного университета. – 2019. – № 8. – С. 111–116.

13 Кто должен сдавать отчет по ф. 870.00 (эмиссия в окружающую среду): <https://cdb.kz/sistema/konsultatsiya/kto-dolzhen-sdavot-otchet-po-f-870-00-emissiya-v-okruzhayushchuyu-sredu-arendodatel-ili-arendator-av/>

14 Экологические платежи: что изменится для Казахстана. Подробнее: [Electronic resource]. – <https://inbusiness.kz/ru/last/ekologicheskie-platezhi-cto-izmenitsya-dlya-predp-riyatij-kazahstana>

15 Приказ Министра охраны окружающей среды РК от 31.05.2007 г. № 169-п «Об утверждении Классификатора отходов» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.12.2020). [Electronic resource] – https://adilet.zan.kz/rus/docs/V070004775_

REFERENCES

1 **Erdavletova, F. K., Zhumabaeva, M. D., Nurkasheva, N. S.** Sostoyanie i problemy razvitiya ekologicheskogo ucheta: opyt Kazakhstana [State of the art and problems of development of environmental accounting: the experience of Kazakhstan] Economics: strategy and practice. 2020; 15(2):139-150.

2 **Golubeva, N. A.** Sovershenstvovanie sistemy ucheta zatrat na ohranu okruzhayushchei sredy [Improving the cost accounting system for environmental protection] // p. 154-161 International standards of accounting and auditing: practice of application in the digital economy: collection of articles of the International Scientific and Practical Conference. Moscow, May 25, 2021 / ed. M. V. Petrovskaya, G. D. Amanova. – Moscow : RUDN, 2021. – 567 p.

3 **Tazhibayeva, A. S.** Regionalnyi ekonomicheskii mekhanizm prirodoohrannoi deyatel'nosti ot zagryazneniya promyshlennykh predpriyatiy [Regional economic mechanism of environmental protection from pollution of industrial enterprises] // materials of the international scientific and practical conference «scientific and educational potential of the nation and the competitiveness of the country», TarSU named after M. Kh. Dulati, Taraz, 2018. – С 244–247.

4 **Gaukhar Zh. Zhumabekova, Salima K. Barysheva, Aigul I. Yesturliyeva, Bibigul Zh. Akimova,** Comparative Analysis of the Development Areas of Environmental Audit in International Practice and in the Republic of Kazakhstan, Journal of Environmental Accounting and Management 2023-06 | Journal article – DOI: 10.5890/jeam.2023.06.003 – Part ISSN: 2325-6192

– Part ISSN: 2325-6206 [Electronic resource]. – <http://dx.doi.org/10.5890/jeam.2023.06.003>

5 **Rakaeva, A. N.** *Ecologicheskii uchet na predpriyatiyah: problemy i puti resheniya* [Environmental accounting at enterprises: problems and solutions] // Vestnik KazATK No. 1(104), 2018, P 331-341

6 Environmental Code of the Republic of Kazakhstan, Code of the Republic of Kazakhstan dated January 2, 2021 No. 400-VI ZRK with amendments and additions

7 **B. Korabaev, G. Amanova, B. Akimova, K. Saduakasova, A. Nurgalieva** - Model of environmental accounting and audit as a factor in increasing the efficiency of management decisions at industrial enterprises of the Republic of Kazakhstan – 2023 The Authors. Regional Science Policy & Practice © 2023 Regional Science Association International, Reg Sci 2023 Policy Pract. 2023;1–11, wileyonlinelibrary.com/journal/rsp3, Practice, 1–11. <https://doi.org/10.1111/rsp3.12727>-DOI: 10.1111/rsp3.12727-Received: 16 May 2023 Revised: 17 July Accepted: 14 August 2023

8 **Abdrakhmanova, A. U., Belgibaeva, A. S., Sariyov, U. K.** *Sostoyanie i osobennosti ekologicheskogo ucheta v Kazakhstane* [State and features of environmental accounting in Kazakhstan] // Bulletin of Moscow University named after XuYuyu Witte. Series 1. Economics and management. 2019. No. 3 (30). pp. 67–74

9 **Korabayev, B. S., Amanova, G. D., Petrovskaya, M. V.** *Kazirgi tandagi onerkasiptik ondiris ekonomikasynyn ekologiyalyk turakti damuy men zertteu bagyttary* [Environmental sustainable development and research directions of the modern industrial production economy] Bulletin of Toraigyrov University, ISSN 2710-3552 Economic series. No. 3. 2021

10 **Seilova, M. M.** *Uchet i audit prirodoohrannoi deyatel'nosti (na primere predpriyatii himicheskoi i neftepererabatyvaushei otraslei)* [Accounting and audit of environmental activities (on the example of enterprises in the chemical and oil refining industries)]: dis. Ph.D. econ. Sciences – Almat: 2003. – 178 p.

11 **Korabaev, B. S., Abdrakhmanova, N. B.** *Ecologicheskaya otchetnost: znachenie i metodika v finansovoi otchetnosti* [Environmental reporting: meaning and methodology in financial reporting] / Bulletin of North Kazakhstan State University named after. M. Kozybaeva. Issue No. 1 (46). – Petropavlovsk: SSMU im. M. Kozybaeva, 2020. – 213 p.

12 **Tuyakova, Z. S., Chertkova, A. A.** *Klassifikatsiya ekologicheskikh poter' v sovremennom mire* [Classification of environmental losses in the modern world] // Bulletin of the Orenburg State University. – 2019. – No. 8. – P. 111-116.

13 Who should submit a report according to f. 870.00 (emission to the environment). [Electronic resource]. – <https://cdb.kz/sistema/konsultatsiya/kto-dolzhen-sdavay-otchet-po-f-870-00-emissiya-v-okruzhayushchuyu-sredu-arendodatel-ili-arendator-av/>

14 Environmental payments: what will change for Kazakhstan. More details. [Electronic resource]. – <https://inbusiness.kz/ru/last/ekologicheskie-platezhi-izmenitsya-dlya-predp-riyatij-kazahstana>

15 Order of the Minister of Environmental Protection of the Republic of Kazakhstan dated May 31, 2007 No. 169-n «On approval of the Waste Classifier» (with amendments and additions as of December 2, 2020). Electronic resource: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V070004775>

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

Б.С. Корабаев¹, Г. Д. Аманова², К. Ж. Садуакасова³,

А. Ж. Зейнуллина⁴

^{1,2,3}Евразийский национальный университет имени Л. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана

⁴Университет имени Шакарима г. Семей, Республика Казахстан
Принято к изданию 30.11.23.

ОСОБЕННОСТИ ПРАВИЛ И МЕТОДИКИ СОСТАВЛЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ОТЧЕТНОСТИ ОБ ОБЯЗАТЕЛЬСТВАХ УГЛЕДОБЫВАЮЩИХ ПРЕДПРИЯТИЙ ПО ОПЛАТЕ ВЫБРОСОВ В ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ

В настоящее время при учете экологических обязательств проблема оплаты выбросов в окружающую среду, к сожалению, значительно усложнилась. В связи с этим большинство опрошенных угледобывающих предприятий подтвердили наличие экологических обязательств и платежей за выбросы в окружающую среду, но не смогли четко указать, как эти обязательства должны учитываться в финансовой отчетности. Самое сложное в этом деле – «разумная оценка» суммы обязательств. Будущие обязательства обычно рассматриваются как обязательства, когда существует юридическое обязательство исправить ситуацию. Определение долгосрочных оценочных обязательств затруднено из-за неопределенностей, присущих законодательному процессу,

технологическому прогрессу, а также масштабам или характеру необходимых мер по восстановлению окружающей среды. Сложность внесения обязательств и оплаты выбросов в окружающую среду в экологическом отчете заключается в отсутствии методических разработок по данному вопросу и сложности определения ряда показателей, учитывающих состояние и динамику изменения компонентов природной среды. среда. Было учтено необходимость разработки нормативных показателей экологического потребления, оценки размера экологических затрат на возмещение экологического ущерба и необходимости определения других экологических нормативов.

Ключевые слова: окружающая среда, плата за эмиссию, экологическая отчетность, экологическая обязательства, финансовая отчетность, управленческие решения, экологический кодекс, эмиссия в окружающую среду.

B. Korabayev¹, G. Amanova², K.Zh. Saduakasova³, A. Zeinullina⁴

^{1,2,3}Eurasian National University named after L. Gumilyov,

Republic of Kazakhstan, Astana

⁴Shakarim University of Semey, Republic of Kazakhstan, Semey

Accepted for publication on 30.11.23

FEATURES OF THE RULES AND METHODS FOR COMPILING ENVIRONMENTAL REPORTING ON THE OBLIGATIONS OF COAL MINING ENTERPRISES TO PAY FOR EMISSIONS INTO THE ENVIRONMENT

Unfortunately, the problem of paying for emissions into the environment has become much more complicated nowadays when taking into account environmental obligations. In this regard, the majority of surveyed coal-mining enterprises confirmed the existence of environmental obligations and payments for emissions into the environment, but could not clearly indicate how these obligations should be accounted for in financial reporting. The most difficult thing in this matter is the «reasonable estimate» of the amount of liabilities. Future obligations are usually considered as obligations when there is a legal obligation to correct the situation. Determining long-term assessment obligations is difficult due to uncertainties inherent in the legislative process, technological progress,

as well as the scale or nature of the necessary environmental restoration measures. The difficulty of entering obligations and payment of emissions into the environment in the environmental report is the absence of methodological developments on this issue and the difficulty of determining a number of indicators that take into account the state and dynamics of changes in the components of the natural environment. wednesday It was taken into account the need to develop normative indicators of ecological consumption, to estimate the size of environmental costs for compensation of ecological damage, and to define other ecological norms.

Keywords: environment, emission fee, environmental reporting, environmental obligations, financial reporting, management decisions, environmental code, emissions into the environment.

Теруге 29.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2.86 Mb RAM

Шартты баспа табағы 9,15

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4164

Сдано в набор 29.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

2.86 Mb RAM

Усл.п.л. 9,15. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4164

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz

www.vestnik-economic.tou.edu.kz